



Datejust 31

Oyster, 31 мм, сары алтын және гауһар тастар

**Бұл Oyster Perpetual
Datejust 31 18-караттық
сары алтын жасалған,
қызыл омбре, гауһар
тасты циферблат
пен President
білезігімен
ерекшеленеді.**



ҚЫЗЫЛ ОМБРЕ ЦИФЕРБЛАТ

Дизайнды жалғастыру

Омбре циферблаттың ортасы боялған бетімен ерекшеленіп, жиек айналасы терең қара түске алмасады. Бұл циферблат Rolex 1980 жылдары енгізген және 2019 жылы қайта ұсынған дизайнның жалғасын білдіреді.

Концентрлік градиенті бар циферблаттарды жасау қара лакты жағуды қамтиды, бұл операцияны маман аса мұқияттықпен бақылайды, оның міндеті белгілі бір түстен қараңғылыққа үйлесімді өтуді қамтамасыз ету.



ГАУҢАР ТАСТЫ БЕЗЕЛЬ

Жарқыраған симфония

Зергер, мүсінші тәрізді, әр гауһар тасты бекіту үшін металда жиектемені кеседі. Оның міндеті - әр тасты басқалармен туралап мұқият орнату, содан соң оны алтын немесе платина жиектемесіне берік бекіту.

Тастардың жоғары сапалы болуымен қатар, Rolex асыл тастарының сұлу болуына бірнеше басқа критерийлер де әсер етеді: асыл тастардың биіктігін дәл туралау, олардың бағдары мен орналасуын, жүйелілігін, бекітілуін аса мұқияттылықпен орындау тәсілі, сонымен қатар металмен шебер жұмыс істеу. Сағатты игілікті еттетін және иесін таңғалдыратын асыл тастардың жарқыраған симфониясы.



18-КАРАТТЫҚ САРЫ АЛТЫН

Кемелдікке талпыну

Өзінің ерекше жеке құю өндірісімен, Rolex-те жоғары сапалы 18-караттық алтын қорытпаларын құюдың қайталанбас мүмкіндігі бар. Күміс, мыс, платина немесе палладийдің үлес салмағын қосып, 18-караттық алтынның әр түрлі түрлері алынады: сары, қызғылт немесе ақ.

Қоспасыз металдардан алынған алтын қорытпасы компанияның ең соңғы технологиясымен жабдықталған зертханасында мұқият бақылаудан өтеді. Содан соң оның сапасына ерекше назар аудара отырып, одан қажетті бөлшектер жасалады.

Rolex бұйымының кемелдікке ұмтылысы өзінің шығу жерінен бастауын алады.



PRESIDENT БІЛЕЗІГІ

Жоғары талғампаздық

Rolex білезіктері мен түймеліктерінің дизайны, оларды шығару, тестілеу алдыңғы қатарлы жоғары технологияларды қажет етеді.

Және сағаттың барлық компоненттері тәрізді, шебердің визуалды бақылауы олардың мінсіз сұлулығына кепілдік береді. President білезігі, жартылай шеңбер, үшқатарлы түйіндерімен, Oyster Perpetual Day-Date сағатын қолданысқа енгізу үшін 1956 жылы шығарылды. Бұл талғампаздық пен ыңғайлылықтың тамаша көрінісі және әрқашан мұқият таңдалған қымбат металдардан жасалады.

Толығырақ техникалық деректер Datejust

Сілтеме 278288RBR

Модель корпусы

Түрі

Oyster, 31 мм, сары алтын және гауһар тастар

Диаметрі

31 мм

Безель

Гауһар тастармен жиынтық

Бұрамалы бастиек

Бұрандалмалы, екі есе суға төзімді Twinlock жүйесі

Кристал

Сызаттардың пайда болуына төзімді, жақұтты, күнін көрсету терезесінде Cyclops линзасы

Суға төзімділік

Суға төзімділігі 100 метрге / 330 футқа дейін

Механизм

Түрі

Perpetual, механикалық, автоматты түрде құлағынан бұрау

Калибр

236, Rolex өндіру зауыты

Қуат қоры

Шамамен 55 сағат

Білезік

Түрі

President, жартылай шеңбер, үшқатарлы түйін

Білезік материалы

18-караттық сары алтын

Түймелік

Ашылмалы тоғамен Crownclasp
жасырын түймелігі

Циферблат

Түрі

Гауһар тастармен көмкерілген қызыл
омбре

Асыл тастарды орнату

18-караттық алтын жиектемелерінде
гауһар тастар

Сертификаттау

Түрі

Дәлдігі жоғары хронометр
(механизмді корпусына орнатқаннан
кейін COSC + Rolex сертификациясы)

Толығырақ ақпаратты **Rolex.com** сайтында зерттеңіз және біліңіз

**Сауда белгілері, қызмет көрсету
белгілері, сауда атаулары, дизайн және
авторлық құқық тәрізді барлық
зияткерлік меншік құқықтары
қорғалған.**

Бұл веб-сайттағы қандай да ақпаратты
жазбаша рұқсатсыз көшіруге болмайды.
Rolex кез келген уақытта осы веб-сайттағы
модельдерді өзгерту құқығын өзіне
қалдырады.

